

## 5 - дәріс.

### Тауарлар шығарылған ел туралы жалпы ережелер.

Кеден одағының кеден заңнамасында белгіленген критерийлерге сәйкес тауарлар толығымен өндірілген немесе жеткілікті түрде өңделген (қайта өңделген) ел тауарлар шығарылған ел болып есептеледі. Бұл ретте тауарлар шығарылған ел деп елдер тобы, не елдердің кеден одақтары не, егер тауарларды шығарған елді айқындау мақсаты үшін оларды бөліп көрсету қажеттілігі болса, елдің өңірі немесе бөлігі түсініледі. Тауарлар шығарылған елді айқындау кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолдану үшін керек.

Тауарлардың шығарылған жері туралы **декларация** немесе тауарлардың шығарылған жері туралы **сертификат** - тауарлардың *шығарылған елін растайтын құжаттар* болып табылады.

*Тауардың шығарылған жері туралы декларация*- тауарларды шығарған елді айқындауға мүмкіндік беретін мәліметтер көрсетілген жағдайда, тауарларды әкетумен байланысты тауарларды шығарған ел туралы дайындаушы, сатушы немесе жөнелтуші жасаған мәлімдемелерді білдіреді. Мұндай декларация ретінде коммерциялық немесе тауарға қатысы бар кез келген басқа құжаттар пайдаланылады. Егер тауарлардың шығарылған жері туралы декларацияда тауарларды шығарған ел туралы мәліметтер қолданылуы тауарларды шығарған елді айқындау ережелері мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделгеннен өзгеше критерийлерге негізделсе, тауарларды шығарған ел осы халықаралық шарттарда айқындалған критерийлерге сәйкес айқындалады.

*Тауардың шығарылған жері туралы сертификат.* Тауарлардың шығарылған елі туралы куәландыратын және осы елдің немесе, егер әкету елінде сертификат тауарлар шығарылған елден алынған мәліметтер негізінде берілсе, әкету елінің уәкілетті органдары немесе ұйымдары берген құжат тауардың шығарылған жері туралы сертификат болып табылады. Егер тауардың шығарылған жері туралы сертификатта тауарлар шығарылған ел туралы мәліметтер, қолданылуы тауарлар шығарылған елді айқындау ережелері мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделгеннен өзгеше критерийлерге негізделсе, тауарлар шығарылған ел осы халықаралық шарттарда айқындалған критерийлерге сәйкес айқындалады.